

Қостанай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 310 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 ақпандағы № 101 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 ақпанда № 8977 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай аудандық сайлау комиссиясының келісімі бойынша Қостанай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" 2019 жылғы 21 мамырдағы № 310 қаулысына (2019 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8477 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында реттік нөмірлері 17, 18, 19, 20, 21, 22, 38, 49 жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

"

17	Тобыл қаласы	Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Тобыл қаласының № 1 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы тақта
18	Тобыл қаласы	Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Тобыл қаласының № 2 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы тақта
19	Тобыл қаласы	Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Тобыл қаласының мектеп-гимназиясы" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы тақта
20	Тобыл қаласы	"Қостанай ауданының Тобыл қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы тақта
21	Тобыл қаласы	"Тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай ауданы әкімдігінің "Затобол жылу энергетикалық компаниясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының алдындағы тақта
22	Тобыл қаласы	Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мәдени-демалыс орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдындағы тақта

"
;
"

38	Осинов ауылы	Школьная көшесі, 1 бойынша орналасқан ғимараттың алдындағы тақта
----	--------------	--

"
;
"

49	Сормовка ауылы	"Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Сормов бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы тақта
----	----------------	--

".

2. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданының әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай ауданының әкімі

В. Радченко